

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 68 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 шілде N 1085. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 наурыздағы N 259 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 желтоқсандағы N 1358 қаулысымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының Атқарушы дирекциясы мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің әкімшілік ғимараты айналасындағы аумақты көркейтуге 1998 жылға көзделген қаражатты Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры Атқарушы дирекциясының пайдаланбауына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Ресубликасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының және Мемлекеттік халықты жұмыспен қамту қызметінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 68 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 2, 17-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

5-тармақтың төртінші абзацындағы "тарату іс-шаралары" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ғимараты айналасындағы аумақты көркейту жөніндегі жұмыстар орындалғаннан, көлікжай күрделі жөнделгеннен және" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі